

## **АНЫҚТАМА**

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШДЖК КМК  
қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген  
ішкі талдау нәтижелері туралы

20 қыркүйек 2024 жыл

Атырау қаласы

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде (бұдан әрі-Орталық)  
сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары - «Жұмыс тобын құру  
туралы» 03.09.2024 жылғы №115 н/к бұйрыққа сәйкес келесідей құраммен жүргізілді.

Акбанова Луиза Зинатуллевна - басшының орынбасары

Кистаубаев Кайрбай Сайнович – комплаенс-офицер

Баянова Майра Темирхановна – зангер

Кабирова Балкенже Мұслимовна – кадр жөніндегі маман

Хайруллина Нурбигуль Тукашевна – бас есепші

Бурашева Рая Кайржановна – бас мейіргер

Какимова Жанаргұль Айжариковна - мемлекеттік сатып алу бойынша маман.

**Негіздеме:** «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан  
Республикасының Занының 8-бабының 5-тармагы, «Сыйбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес  
агенттігі Төрағасының 19.10.2016-ғы №12 бұйрығының 2-тарауы мен орталық  
директорының 03.09.2024 жылғы №114 н/к бұйрығы.

**Мақсаты:** Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін  
жағдайлар мен себептердің туындау мүмкіндігін анықтау, зерделеу және олардың  
салдарларын жою.

**Кезеңі:** 03.01.2024-02.09.2024 жыл.

**Мерзімі:** 02.09.2024-20.09.2024 жыл.

**Бағыты:**

1. Орталық қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Орталықтың үйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

### **Талдау объектісі туралы мәлімет**

**Толық атауы:** Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының  
«Жұктырылған иммун тапшылығы синдромына (бұдан әрі - ЖИТС) қарсы құрес және  
алдын алу жоніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

**Құрылтайшысы:** Атырау облысының әкімдігі.

**Басқару органы:** «Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ.

**Миссиясы:** ЖИТС және АИТВ жұқпасының алдын алуды, диагностикалауды  
және емдеуді үйымдастыру, АИТВ жұқпасының таралу деңгейін төмендету және

ескертуге бағытталған кешенді іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

**Нормативтік құқықтық актілер:** орталық - өз қызметінде КР Конституциясын, «Халық деңсаулығы және деңсаулық сактау жүйесі туралы» КР Кодексін, КР Азаматтық, Еңбек Кодекстерін, КР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

**Орналасқан жері:** индекс 060009, Атырау қаласы, Л.Владимирский көшесі 22 Б күрылым.

## 1. Нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері

Жүргізілген ішкі талдау итіжесімен емхананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар, оның ішінде лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім кабылдауына әсер ететін, жеке және занды тұлғалардың өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер, зандылықтарды еркін түсіндіру мүмкіндігін тудыратын құқықтық олқылықтар анықталған жок.

## 2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Орталық күрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заннамалық талаптарға сәйкес белгіленеді.

Казіргі уақытта штаттық саны 83,25. Оның ішінде дәрігерлер саны – 13, орта буын қызметкерлері - 21, кіші буын қызметкерлері – 7, басқа персоналдар – 39,5.

2024 жылдың өткен кезеңінде 3 қызметкер жұмысқа қабылданып, 1 қызметкер жұмыстан босатылған.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 26-бабына сай, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді.

Осы кодекстің 32-бабының 3-тармағында: адам квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз күзыretі шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдың акпараттық жүйелері немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы талап етіл алдырады - деп көрсетілген.

Алайда, жанадан жұмысқа қабылданған қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтері талап етілмеген болса, кейбір қызметкерлердің соттылығы туралы анықтамалары жұмысқа қабылданған соң алынған.

2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 103-бабының 2-тармағының 1-тармашасында: жұмыс беруші, бос орындар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бос орындардың бар-жоғы туралы мәліметтерді электрондық енбек биржасына енбек жағдайлары мен төлемін көрсете отырып орналастыруға міндетті - деп көрсетілген.

Бос орындар жоніндегі мәліметтердің электрондық енбек биржасына толық орналастырылмауы қолданыстағы заннамага орай, сыйбайлас жемқорлықпен ұштасатын құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал ететін жағдайлардың туындау мүмкіндігіне әкеп соғуы мүмкін.

Қызметкерлермен жасалған барлық еңбек шарттарында, Еңбек кодексінің 22-бабының 1-тarmaғының 26-тармақшасында көзделген жұмыскердің негізгі құқықтарының бірі - «КР сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылға жәрдем көрсету туралы акпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу құқығы» көрсетілмеген.

Орталықтың жұмыскерлері мен олардың жұбайларының «Активтері мен міндеттемелері туралы» 270.00 нысанды декларацияның тапсырылуы камтамасыз етілген.

Аталған мерзім ішінде орталық қызметкерлерімен сыйбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге, сондай-ақ әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзу жағдайларының орын алуына жол берілмеген.

Бұқаралық акпарат құралдарында орталық қызметкерлерінің әрекетіне қатысты оның ішінде интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде, facebook, Instagram парапашаларында сыйбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Орталықтың ресми сайтына 2 қыркүйек 2024 жылы жүргізілетін ішкі талдау жұмыстары жөніндегі жарияланған хабарландыру бойынша да қандай да бір акпараттар көліп түспеген.

Үйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, мұдделер қактығысының, оның ішінде лауазымды тұлғаның жеке мұдделері олардың ез міндеттерін немесе өкілеттіктерін тиісті, объективті және бейтарап орындаудың әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар және қызметкерлердің үлестес болу фактілері анықталған жок.

### **Бюджет қаражаты, мемлекеттік сатып алу рәсімдері**

2024 жылға жергілікті бюджеттен - 139 900 000 теңге, «Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры» КЕАҚ 461 611 000 теңге бөлініп, ақылы қызметтен түсken каражат мөлшері - 16 627 000 теңге құраған.

2024 жылдың өткен мерзімінде емхана жұмыскерлерін көтермелеге мақсатында сыйақылар берілмеген.

2024 жылы әлеуетті өнім берушілерді жосықсыз деп тану жөнінде Атырау облысының мамандандырылған ауданараптак экономикалық 2 талап арыз жолданылған.

### **Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі**

Кәсіпорын қызметінде Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мұдделер қактығысын болдырмай және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұжымдық кездесулер әр тоқсан сайын, 19 наурыз 2024 жылы, 13 маусым 2024 жылы, 25 шілде 2024 жылы..тұракты түрде үйимдастырылған.

Кездесу барысында колданыстағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыйбайлас

жемқорлықтың профилактикасы мен оған қарсы күрес мәселелері бойынша құқықтық-апараттық түсіндіру іс-шаралары жүргізілген.

Комплаенс-менеджері «ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлықка қарсы менеджмент және комплаенс» циклі бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткізілген.

### **ҚОРЫТЫНДЫ:**

- Талдау нәтижесі бойынша «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

### **ҰСЫНЫС:**

- өз құзыреті шегінде кәсіпорының әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, алдын алуға және оған жол бермеуге;
- ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;
- бюджет қаражатын онтайлы және тиімді жұмысаяға;
- мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу барысында зан бұзушылықтарға жол бермеуге;
- ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін орталықтың ресми сайтына орналастыруға.

### **Жұмыс тобы**